

В НОМЕРЕ:

6

**Балмұздақтың
пайдасы бар**

12

**Приключения
Белки**

15

**На пороге
взроslения**

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№11-12

(318-319)

от 30 июня
2020 года

сенің әлемін

***Ребята, приглашаем весело провести
каникулы в дистанционном лагере
«Camp time»!***



CAMP TIME

ДИСТАНЦИОННЫЙ ЛАГЕРЬ

***Подробнее о лагере читайте на 5 полосе и в инстаграм страничке
dvorec_pvl.***



Супер-бабушки нашего села

Роднее и дороже бабушек для детей никого нет. Бабушки не знают покоя - целый день работают по дому, готовят разные «вкусняшки» для любимых внуков, стирают, штопают и многое другое. Именно бабушкам уделили особое внимание в преддверии Всемирного дня семьи в Береговой СОШ. Был объявлен онлайн-конкурс видеороликов «Моя супер-бабушка». В роликах нужно было рассказать о своих бабушках - личных качествах, интересах, занятиях. Ребята и приняли активное участие в конкурсе.

Жантимирова Жанна, ученица 6 «а» класса рассказала о своей бабушке - Жантимировой Алме Агзамовне. Алма Агзамовна - в прошлом бухгалтер, но уже давно на пенсии. Любит встречать дома своих родных и близких, занимается домашними делами. Как и все бабушки, она балует своих внуков, старается привить им полезные привычки.

Кайзер Владислав, ученик 4 «б» класса, поведал о своей любимой бабушке - Кайзер Людмиле Николаевне. Бабушка рабо-

тает в магазине продавцом. Для Владислава бабушка - самая красивая, добрая, заботливая! Внук искренне рад, что у него самая замечательная бабушка на свете!

Султанова Орик Куанышевна - бабушка Султанова Жамбула, ученика 1 «а» класса. У Жамбула - самая веселая, ответственная и активная бабушка. Работает в школе лаборантом. Она всегда в хорошем настроении, умеет поддерживать словом и делом.

Орман Экежан, ученик 3 «а» класса, очень любит свою прабабушку Мирманову Умсыган. Прабабушке Экежана уже 82 года. В молодости бабушка Экежана была корреспондентом. Она может гордиться своими детьми, которые уже давно устроили свои судьбы. Вся большая семья собирается за большим столом во время семейных праздников. Всего у бабушки 9 детей, 20 внуков и 22 правнука!

Бабушка Гергерт Киры - Пиндюкова Виктория Викторовна, работает медсестрой. Бабушка Вика уделяет много времени своей внучке. Они вместе гуляют на

природе, посещают музеи, играют и учатся. Кира считает, что у бабушки самая благородная профессия на свете!

Карбунар Галина Викторовна - бабушка ученицы 7 «б» класса Гаупт Карины. В прошлом Галина Викторовна была штукатуром. В данное время бабушка занимается ведением домашнего хозяйства, также с удовольствием встречается с родными и близкими. Ученик 4 «б» класса Шаповалов Алексей рассказал о своей бабушке - Марару Елене Алексеевне. Алексею с бабушкой очень повезло - с ней никогда не бывает скучно, ведь она очень современная, веселая, к тому же замечательная хозяйка! Хотя бабушка Алексея живет в г.Павлодар, это не мешает им часто встречаться, проводить много времени вместе.

У Опариной Регины, ученицы 5 «б» класса, бабушка всю жизнь посвятила воспитанию детей. Ведь Ирза Светлана Михайловна - учитель начальных классов, которая сейчас на заслуженном отдыхе! Регина, в полном смысле слова, бабушкина внучка! Все

свободное время они проводят вместе - гуляют на природе, отмечают знаменательные семейные даты, выезжают на отдых.

Якуба Дарья, ученица 5 «б» класса, посвятила своей бабушке Шелковниковой Елене Владимировне проникновенное стихотворение. Дарья призналась, что ей с бабушкой хорошо и уютно. Все домашние дела они стараются делать вместе - готовить вкусные блюда, держать в порядке дом. Первая приходит Даше на помощь именно бабушка, потому что она добрая и отзывчивая!

Каждый конкурс имеет своих победителей. Вот и в конкурсе видеороликов места распределились следующим образом: 1 место - Гергерт Кира, 2 место - Опарина Регина, 3 место - Султанов Жамбул. Каждая бабушка в мире достойна уважения и почета, ведь как гласит народная мудрость: «Для внуков дедушка - ум, а бабушка - душа».

**Жантимирова М.Ж.,
зам.директора по ВР
Береговой СОШ
Района Терекөл**

Эксплуатация детского труда

Сейчас в мире очень остро стоит вопрос о неприемлемости эксплуатации детского труда. Причем, звучат разные мнения на этот счет. Одни считают, что это явление недопустимо в цивилизованном обществе. Другие считают, что труд облагораживает и приносит ребенку больше пользы, чем вреда. Так кто же прав? Попробуем в этом разобраться.

Само понятие «детский труд» звучит противозаконно. Ведь труд - это «целесообразная, сознательная деятельность человека, направленная на удовлетворение потребностей индивида и общества».

Может ли ребенок заниматься осознанным целеполаганием? Вряд ли! Должен ли он заботиться об удовлетворении своих насущных потребностей?

Нет! Это обязанность взрослых, которые несут за него ответственность. Должен ли ребенок трудиться во благо общества? А, может, наоборот - общество должно определенное количество лет заботиться о благосостоянии и удовлетворении потребностей своего маленького гражданина?..

Так что же, позволить ребенку расти лентяем и тунеядцем? Отнюдь. Есть прекрасная возможность привить подрастающему поколению любовь к труду и понимание необходимости в приложении собственных усилий для достижения желаемого результата. Причем, эта возможность гармонично сочетается с главной задачей, которая стоит перед каждым малышом с первых дней его жизни, - учиться. Ребенок учится ходить, учится

читать, учиться правилам поведения в обществе и... учиться трудиться. И не просто трудиться, а трудиться сознательно, а не принудительно. Трудиться творчески, а не рутинно. Получать от трудового процесса удовольствие, а не уныние и безысходность. Всё это заложено в трудовом воспитании. Именно оно формирует у детей самостоятельность, уверенность в своих силах, желание и умение преодолеть препятствия, вооружает навыками и, как следствие, приучает к труду.

Но если понятие «детский труд» противозаконно, то «эксплуатация детского труда» просто противозаконно. Использование труда ребенка, а тем более извлечение выгоды из него - процесс, недостойный для любого цивилизованного и гуманного

общества. Задача взрослых - создать благоприятные условия для развития ребенка, воспитания в нем лучших качеств, необходимых для его будущего самостоятельного жизненного пути. Ведь детство и юность - это совсем небольшой период, когда у человека есть возможность беспрепятственно постигать этот мир во всем его разнообразии, удовлетворять свою любознательность, искать сферу своих интересов и впитывать необходимые знания и умения. Чувствуя в детстве поддержку и безопасность, есть гарантия того, что, став взрослым, человек и сам окружит заботой будущих малышей в период их развития.

**Светлана Пичахчи,
СОШ № 5 г.Павлодар**

Трекер эко привычек

Сегодня наша планета Земля очень красивая и живописная. Реальным последствием ее загрязнения и бездумного потребления ресурсов может стать унылый и скудный мир, который потребует колоссальных усилий в борьбе за здоровье, а чистый воздух, зелень и вода будут доступны только очень богатым людям.

Поэтому нам необходимы ряд экологических привычек, которые можно сформировать. Сегодня мы будем делать трекер эко привычек. Трекер - это график, по-



могающий отказаться от плохих привычек или сформировать хорошие.

Предлагаю вам сделать свой собственный календарь/трекер эко привычек. Для работы нам понадобится: лист формата А3 или 2 листа форматом А4; список привычек, картинки, которые помогут сделать календарь интересным и привлекательным для заполнения, клей, фломастеры.

Для начала я назову календарь - «ТРЕКЕР ЭКО ПРИВЫЧЕК», напишу свое имя. Теперь мы выберем и расположим по периметру картинки, которые отражают наши привычки (можно их нарисовать).

Затем озвучим каждую картинку, запишем (наклеим) привычку.

Теперь внутреннее пространство мы подготовим для календаря, там мы будем отражать дни, когда мы закрепляли привычку. Я хочу оформить место для даты в виде шариков (их можно нарисовать). Например, сначала я нарисую 10, а затем могу дорисовывать, если этих дней будет больше. Они будут у меня для каждой привычки определенного цвета. Например, я сегодня носила бутылочку для воды. Эта привычка у меня на календаре синего цвета. Я в шарик вписываю сегодняшнюю дату - 05.06. И так



я буду отмечать все дни, когда я закрепляла эко привычку.

А какой трекер эко привычек сделаешь ты? Предлагаю сделать свой собственный календарь, заполнять его и результаты каждой недели выставлять в инстаграм обязательно по хештегом #ЭКОайрпв!

Жду твою работу, интересно, какая привычка в календаре заполнится быстрее.


**Подолец М.В.,
координатор проекта**



Вместо последнего звонка

Вот и подошел к концу такой необычный и трудный, странный и насыщенный учебный год. Многие в этом году было впервые. Впервые мы столкнулись с настоящей глобальной угрозой, впервые жили в условиях самоизоляции и карантина. Впервые наши ученики остались без экзаменов и выпускного вечера. А вместо последнего звонка прошли онлайн конференции. Но ученикам и педагогам очень хотелось напоследок высказаться, и я предоставляю им слово.

Белюсенко Ирина:



Этот год для меня был настолько тяжёлым, что я даже не знала, смогу ли учиться на дистанционном обучении. Столько всего изменилось за такой короткий период! Но мы все справились - это главное! Желаю всем одноклассникам хорошо отдохнуть, отвлечься от трудных школьных будней. Берегите себя!

Богомолова Даша:



Поздравляю с завершением учебного года! Пусть он и был временами трудный, но всё получилось. Желаю хорошо провести

каникулы, восстановить силы, чтобы с новой силой погрузиться опять в учебу. Весёлых каникул, хорошего настроения, отличного общения и много ярких и новых приключений.

Оставайтесь такими же уникальными. Не обращайтесь на неудачи и упорно идите к цели. Будьте решительными, берите от жизни всё. Я хочу, чтобы ваша жизнь сложилась, как вы и мечтали!

Тихий Максим:



Поздравляю всех с окончанием учебного года! Он был непростым. Для кого-то просто насыщенным, а для кого-то невероятно трудным. Но мы смогли все преодолеть! Огромное спасибо учителям за труд и терпение! Желаю всем хорошо провести лето! До встречи в новом учебном году!

Хамзина Алина:



Этот год был для меня глотком свежего воздуха, потому что в прошлом я сидела дома на домашнем обучении. Сначала было непривычно, но потом я увлеклась общением с друзьями и обучением. Своим одноклассникам и учителям я хочу пожелать хорошего отдыха и наполненного

красками лета.

Людмила Викторовна, учитель самопознания:



Этот учебный год для меня был очень интересным, непредсказуемым и наполненным событиями, интересными занятиями с детьми, конкурсами, семинарами. Одним из значимых событий было вручение медали и участие в конкурсе «Жыл мугалімі-2020».

А завершился год небольшим испытанием - дистанционным обучением. До этого я вообще не понимала, как мой предмет можно вести дистанционно, без детских глаз, улыбок, прикосновений и эмоций. Оказывается, можно, и получается хорошо!

Желаю всем с пользой провести каникулы. Не забудьте о доброте и милосердии!

Тлектес Касымовна, учитель математики:

Закончился самый непростой учебный год. Учителя выставили



последние оценки, провели последние онлайн занятия.

Этой весной пришлось срочно менять принцип работы: перехо-

дить на новый формат обучения - дистанционный. На учеников, учителей и родителей свалилось немало проблем, с которыми все мы успешно справились. Во время дистанционного обучения многие школьники поняли, что успех в образовании зависит от них самих. Особенно это было заметно по выпускникам. Они старались выполнять все задания. Хочу поблагодарить ребят, которые, несмотря на непривычный формат и огромную психологическую нагрузку, участвовали во многих предметных онлайн олимпиадах.

Думаю, что выражу мнение большинства педагогов о том, что дистанционное обучение может стать хорошим дополнением к основному формату. Но мы с нетерпением будем ждать наших ребят в стенах школы. Ведь живое общение учителей и учащихся не заменят никакие технологии.

Желаю всем хорошо отдохнуть летом, набраться сил и энергии и в новом учебном году продолжить обучение в родной и любимой всеми нами школе.

Айтхалина Жанна Кабиденовна, заместитель директора:



Учебный год был необычный. Были свои трудности, в основном связанные с неподготовленностью к дистанционному обучению. Пришлось овладевать новыми образовательными платформами. Однако, дети стали более самостоятельными и грамотными в дистанционном обучении. Коллегам хочется пожелать спокойного отдыха, а детям замечательных летних каникул!

Грыцай В.Е., пресс-центр СОШ №14 г. Павлодара

Необычный последний звонок



25 мая у всех ассоциируется с праздником Последнего звонка. Не стал исключением и этот год, несмотря на сложные обстоятельства. В школе был праздник, пусть в несколько необычной форме. Для учащихся, учителей и родителей Михайловской СОШ Железинского района прошёл онлайн - Последний звонок, посредством конференции платформы ZOOM. Директор школы Госина И.А. подвела итоги учебного года, поблагодарила за сотрудничество и терпение родителей, пожелав всем хорошего летнего отдыха. С поздравлениями и напутственными словами перед учащимися и родителями выступили гости: секретарь районного маслихата Лампартер П.Э. и методист рай-

онного отдела образования Машкова Г.А., которые поздравили всех участников конференции с этим главным для школьников и их родителей событием. Для всех учащихся этот день - начало летних каникул, а для восьми выпускников - прощание со школой, с самой беззаботной порой - детством. К ним обратилась их классный руководитель Анзельм Н.В.

Не остались без внимания и выпускники 9 класса, которые стоят на пороге сложного выбора, они получили напутствие от классного руководителя Ахметовой Т.Т. И конечно, несмотря ни на что, как ученикам, так и родителям, хочется пожелать здоровья, с лёгкостью преодолевать все трудности и, конечно, интересно и с пользой провести летние каникулы.

Зайцева О. В., зам. директора по ВР Михайловской СОШ Железинского района

Веселый и грустный последний звонок!



На прошлой неделе во всех школах страны прозвенел последний звонок. Для выпускников 11 классов были организованы церемонии вручения аттестатов о среднем образовании. Вручение аттестатов проведено во дворе Береговой СОШ с соблюдением санитарно-гигиенических требований. Выпускников поздравили директор школы Ибраева К.К., классный руководитель Альмухамбетова С.Б., родительница Зубрицкая С.Н.

В Береговой СОШ в этом году 9 выпускников - Босиков Александр, Зубрицкий Данил, Ковтунова Марина, Кайзер Эмилия, Кайзер Лидия, Лещик Вера, Мушинский Николай, Николенко Дмитрий, Козлов Владимир. В по-

следней четверти учебного года ребятам пришлось усваивать школьную программу и готовиться к сдаче ЕНТ в дистанционном режиме. Задача непростая, но выпускники с ней справились! По итогам учебного года Ковтуновой Марине, Кайзер Эмилии, Кайзер Лидии, Зубрицкому Данилу, Босикову Александру, Лещик Вере были вручены похвальные грамоты по различным учебным дисциплинам. После вручения аттестатов учащиеся высадили саженцы на аллее выпускников. У ребят в планах поступление в ВУЗы и дальнейшее трудоустройство. Ну, а достигшие совершеннолетия юноши пойдут служить в армию. Хочется верить, что у наших выпускников все в жизни сложится наилучшим образом!

Жантимирова М.Ж., зам.директора по ВР Береговой СОШ района Тереңкөл



№11-12

(318-319)

от 30 июня
2020 года

Әлем картасын ашсаң, жер бетінде көптеген қалалардың бар екендігіне көзін жетеді. Мен еліміздегі керікті қала Кереку елінде тұрамын. Бұл мекен кіндік қаным тамып, алғашқы қадам жасап, білім алып отырған киелі мекенім. Бұл қалада ең жақын туған-туыстарым, құрбыларым тұрады. Кереку қаласы жылдың әр мезгілінде өзінше көркем, сұлу қала. Маған күз мезгілі ерекше ұнайды. Күз айында сап-сары жапырақтарға оранған қала, құдды алтын күз ханшайымы секілді саған сыр шерткендей көрінеді.

Біздің сырлы да нұрлы қаламыз Кереку – Қазақстанның Солтүстік Шығысында орналасқан. Қаламызда неше түрлі сәулетті сарайлар, мұражайлар, театрлар, мәдениет үйлері, әуе порты, қалалықтардың сүйікті жеріне айналған демалыс орны Ертіс «жағажайы» бар. Ол ауасы таза, көрікті, мөлдір сулы Кере-

ку қаласының мақтан етер жері. Керекуліктердің сүйікті демалыс орны Ертіс жағалауы күрделі қайта құру жұмыстарынан кейін ол қаланың ең әсем жерлерінің біріне айналып отыр. Ол тек таңымал демалыс орны ғана емес, сонымен бірге жағалауда дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын мерекелер кезінде бірден ондаған мың қала тұрғындарын қабылдай алатын өзіндік бейнесі бар, баршаға ортақ және өте сыйымды «көрермендер залы». Керекуліктер өз қаласының осындай жерлерін құрмет тұтып, ылғи да тазалап, жаңартып отырады.

Ертіс-Баян өңірі кие қонған бақ мекен. Бұл өлкеде қасиет қонған жерлер де жеткілікті. Атап айтсақ, Ертіс-Баян өңірінің киелі жерлері Машһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі, Исабек Ишан хазреттің, Хабдул Уахит хазреттің, Түкел батыр және Байсерке абыз мәйіті, Қазыбек бидің сөре тасы, Таймас әулие кесенесі, Ақкөл-Жайылма,

Үкібай би кесенесі, Жаяу Мұса кесенесі, әлемге әйгілі Кемпіртас, Жасыбай батыр кесенесі, Қоныр әулие кесенелері мен Ақбидайық тас жазуылары тағы да бар. Бұл киелі жерлерді біліп, санамызға тоқу, құрмет көрсету әрбір адамзаттың парызы. Бұндай қасиетті жерлердің барына мен қуанамын, елді-мекенімді сүйемін.

Сонымен қатар мен Ертіс-Баян елінде өте көптеген ақын-жазушылардың дүниеге келгенін білемін, зерделеймін.

Олар Абылай ханның кеңесшісі болған Бұқар жырау, Ертіс-Баян өңірін жаулардан қорғап қалған Малайсары мен Баян батыр, халық өншісі Майра, Жаяу Мұса Байжанұлы және Иса Байзақов, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп

Көпейұлы, сал-серілер дәстүрін ұстаушы Иманжүсіп Құтпанұлы, Алаш қайраткерлері Жүсіпбек Аймауытов пен Қошеке Кемеңгеров, Жұмат Шанин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ғылым қайраткерлері Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкін, Кемел Ақышев, драматург Қалижан Бекхожин және кино өнерінің тарланы Шәкен Айманов аталарымыз.

Міне, киелі суы мен жері бар, әлемге әйгілі атақты ақын-жазушылары бар елді мекенде туғаным үшін, өз Отанымды, қаламды, жерімді сүйемін! Оның қоңыр топырағы да, сұлу, мөлдір суының бір тамшысы болсын бәрі-бәрі маған аса қымбат.

**Даяна Куламбаева,
М.Катаев ат.**

**Оқушылар сарайының
«Қаламгер» студиясының
тәрбиеленушісі**



Абай мұрасы- халық ұлағаты



Биыл Қазақ елі ұлы кемеңгер, дана ақынымыз Абай атаның 175-жылдық мерейтойын кең ауқымда тойлап жатыр. Абай бұл күндері бүкіл адамзатқа ортақ тұлғаға айналып отыр.

Бұл мерейтойды бізде атап өтуге бел будық. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының «Рухани жаңғыру» кабинетінде Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған «Абай мұрасы- халық ұлағаты» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Ә д е б и - м у з ы қ а л ы қ қ о н а қ ж а й д ы ң ұйымдастырушылары «Қаламгер» студиясы және жетекшілері Асем Аипова, ал кешті жүргізген Бактияр Даниялов, Аңсар Айдарбеков, Айзере Шайхысқақ.

Кереку елінің белгілі абайтанушысы, қоғам қайраткері Даниял Сабырұлы Асенов ағамызды мерекеге құрметті қонақ етіп шақырды. Даниял аға бізге Абайдың өлеңдерін оқып, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты мол дүние айтты. Қазіргі таңда Даниял ағамыз аймағымыздың барлық

мектептерін аралап, жас ұрпаққа Абай атамның қара сөздерін, шығармаларын айтып, бай мұрасын насихаттап жүр. Даниял аға 25 жыл қатарынан Абайдың шығармаларын зерттеу үстінде. Ағаның айтуынша қазіргі жас ұрпақ Абайдың шығармаларын жетік меңгеріп, Абайдан қалған бай мұраны сақтап жүрген үшін қуанады екен.

Кеш барысында Оқушылар сарайы «Қаламгер» студиясының жас тілшілері, №10 Абай атындағы мектеп-лицейінің Жанат Қамысбайқызы тәрбиелеп жүрген бастауыш сынып оқушылары Абайдың шығармаларын ортаға салды.

Балалар Абайдың өмірі туралы деректі фильмді тамашалап, ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп, ескермедім», «Күз», «Әсемпаз болма әрнеге», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өлең сөздің патшасы», «Тоты құс түсті көбелек» өлеңдерін жатқа оқып, Абайдың Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын сахналады.



Қазағымыздың «Қос алқа» күйін Оқушылар сарайының «Жас екпін» үлгілі домбыра ансамбілі ойнап, қазақ домбырасының үніне бізді бір тамсандырды. Павлодар қаласы Құрманғазы атындағы №1 музыка мектебінің қобыз ансамбілі «Айттым сәлем қаламқас» әнін қобызда тамаша ойнады. Бәріміз киелі аспап үнін естіп, бір жадырап қалдық. Қазағымның аспаптары-ай, не текен тамаша десеңші!

Академик Зәки Ахметов Абай ақындығының теңдесі жоқ екендігін, сонымен бірге оның аса дарынды сазгер болғанын, көптеген әдемі, әсерлі әндер шығарғандығын айтқан еді. Бұл кеште №10 Абай атындағы мектеп-лицейінің оқушысы «Көзімнің қарасы» әнін ерекше жанды дауыспен орындады.

Айта кетсек, қазақтың ұлы ағартушы ақыны Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда Семей облысының Шыңғыс тауларында Тобықты руында дүниеге келген. Оны мейірімді, тапқыр Ұлжан анасы және ақылды, ақкөңіл, адал Зере әжесі тәрбиеледі.

Абай Семей медресесінде, орыс мектебінде оқып тамаша білім алды. Абай Құнанбаев жастайынан әдебиетке (орыс, еуропалық), сондай-ақ шығыстанушы ғалымдардың еңбектеріне, орыс және шетел классиктерінің шығармаларын сүйіп оқыды. Абай музыкаға деген таланты ерекше болды - бірнеше танымал әндердің авторы болды.

-Абай өзінің шығармашылығымен тіл - халықтың жаны екенің дәлелдеді. Әрбір тіл бұл адамзаттың рухани мұрасы, ал мәдениеті - бұл әлемдік өркениетке баға жетпес үлес, - деді Даниял аға.

Ұлы ақын өз халқын өркендеген, еркін халық ретінде көруді арман еткен. Сол Абай аңсаған арманға біз бүгін жетіп отырмыз. Олай болса, жүрегі қазақ деп соққан, жұртымыз Абайдың өлеңдерін бойтұмарындай сақтап жүруі тиіс.

**Камила Бейсембай,
М.Катаев атындағы
Оқушылар сарайының
«Қаламгер» студиясының
тілшісі**



№№11-12

(318-319)

от 30 июня
2020 года

ЛЕТО ЛАГЕРЬ

«Camp time» қашықтан лагеріне шақырамыз



2020 жылдың 15 маусым күні Павлодар облысының білім беру басқармасының бастамасымен «Camp time» қашықтан лагері өз жұмысын бастады. Аталмыш лагердің жұмысын Оқушылар сарайының әдіскерлері ұйымдастырған бола-

тын. Лагердің бағдарламасында: «Салауат» Sportland денсаулықты сақтау мектебі, «Smartperson» зияткерлік ойын мектебі, «Жасыл технология» экологиялық мектебі, «WOW»- шоу шығармашылық мектебі, «Техно-LAB» техно-мектебі, «Sociability» жас көшбасшылар мектебі, «Пикассо» жас суретшілер мектебі.

«Camp time» қашықтан лагерінде қызықты тақырыптық сабақтар, тренингтер, мерекелер, сұхбат сабақтар, экскурсиялар, көрмелер, шығармашылық кездесулер, концерттерге қатысу, конкурстар, викториналар, жарыстар, зияткерлік және спорттық ойындар, челленджер, онлайн акцияларға қатысуға болады. Лагерге облыстың барлық мектеп оқушылары қатыса алады.




Фото және бейне материалдарды әлеуметтік желілерде келесі хештегтер бойынша жүктеу керек.

«Салауат» Sportland» денсаулықты сақтау мектебі - #Спортfestpvl

«Smartperson» зияткерлік ойын мектебі - #bestUMpvl

«Жасыл технология»



экологиялық мектебі - #ЭКОlifepvl

«WOW»- шоу - шығармашылық мектебі - #Likeshoypvl

«Техно-LAB» техно-школа - #ТехноBOOMpvl

«Sociability» жас көшбасшылар мектебі - #ЖасҰланTEAMpvl

«Пикассо» жас суретшілер мектебі - #ArtПикассоpvl

Приглашаем в «Camp time»



15 июня начал свою работу дистанционный лагерь «Camp time».

В программу лагеря входят: школа сохранения здоровья Sportland «Салауат», школа интеллектуальной игры «Smartperson», экологическая школа «Зеленые технологии», школа творчества «WOW»- шоу, техно-школа «Техно-LAB», школа

юного лидера «Sociability», школа юного художника «Пикассо».

В дистанционном лагере «Camp time» можно посетить тематические занятия по интересам, тренинги, праздники, часы общения, экскурсии, выставки, творческие встречи, принять участие в концертах, конкурсах, викторинах, соревнованиях, интеллектуальных и спортивных играх,



челленджах, акциях в онлайн - режиме.

В лагере могут принимать участие все желающие школьники области. Свои фото и видео материалы участники выставляют в социальных сетях под хештегом:

Школа сохранения здоровья Sportland «Салауат» - #Спортfestpvl

Школа интеллектуальной игры

«Smartperson» - #bestUMpvl

Экологическая школа «Зеленые технологии» - #ЭКОlifepvl

Школа творчества «WOW»-шоу - #Likeshoypvl

Техно-школа «Техно-LAB» - #ТехноBOOMpvl

Школа юного лидера «Sociability» - #ЖасҰланTEAMpvl

Школа юного художника «Пикассо» - #ArtПикассоpvl





БАЛМҰЗДАҚТЫҢ ПАЙДАСЫ БАР

Балалық шақта балмұздаққа әуестенбеген адам жоқ шығар. Бәріміз де балмұздақты күннің аптап ыстығы тұрмақ ауа райының салқын мезгілдерінде тұтынуды күнделікті дағдымызға айналдырғанымыз белгілі.

Жалпы, балмұздақтың құрамы майлылығы 10 пайыз сүт, құрғатылған сүт (9-12%), сонымен қоса протеин, лактоза, қант (12-16%), бояу қоспалары (0,2-0,5%) және судан (55-64%) тұрады.

Бір ғана құтыдағы балмұздақтан 270-тен 375 калорияны кездестіруге болады. Бүгінде шоколад, жаңғақ, жеміс-жидек, тосап, карамель, тәтті тоқаш, банан шырыны секілді дәмдеуіштер қосылған түрлі балмұздақтарды кездестіруге болады.

Балмұздақ шамамен сүтті, кілегейлі, пломбирлі және жеміс-жидекті болып бөлінеді. Оның ішінде майлылығы өте төмен көрсеткіште сүтті, ал жеміс-жидекті балмұздақтан майды кездестіруге мүмкін емес.

Балдай тәтті дәмімен тіл үйргенімен қоса тамақты



қабындыратын бұл тәттінің кейде адам ағзасына пайдасы да бар екен. Оның бір сыры тәтті құрамындағы инулинде жатыр.

Инулин — майлылығы басым балмұздақтың орнын басытын қоспа. Мұның бірден-бір пайдасы ағзадағы майлылықты азайтады. Сонымен қатар құрамы лактоза, кальций, магний секілді түрлі дәрумендермен бірге ацидофильді қоспалармен байытылған балмұздақтың пайдасы асқазан, ішек жолдарының жұмыс істеу қабілетін жақсартып, микрофлораның артуына септігін тигізеді екен. Бұдан бөлек жүректен тамырларының жұмысын, көз-

тері қабілеттерін жақсартады.

Демек, тәттіні балалардан бастап қарияға дейін тұтынғанның зияны жоқ. Денсаулыққа пайдалы тұстары да баршылық. Тек шамадан тыс жеуге де болмайтынын есте сақтаңыз.

Балмұздаққа деген құмарлығымыздың тағы бір себебі — серотин. Бұл қоспаның адам ағзасын сергек сезітіп, жағымды көңіл-күй сыйлайтын қасиеттері бар. Әсіресе көңіл-күйі түсіңкі, жан күйзелісінде жүрген адамдарға таптырмайтын ем дейді мамандар.

Балалықтың бал дәмін еске түсіретін балмұздаққа деген қызығушылығымыздың артып, күнделікті тұтынуымыздың бірден-бір сыры осында жатыр екен.

Балмұздақ дайындау тәсілі:

Күннің ыстығында балмұздақ жегенді кім ұнатпайды? Осы балмұздақты үй жағдайында да жасауға болады. Ендеше, дәмді балмұздақты жасап үйренейік.

Қажетті заттар:

- 1 литр сүт
- 2 кесе шекер
- 100 гр сары май
- 1 шәй қасық крахмал
- 5 жұмыртқа сарысы

Дайындалуы:

Сүтке сары майды салып отқа қоямыз. Қайнауы қажет.

Басқа ыдысқа шекер, крахмал, сарыуызды салып, миксермен араластырамыз. Араласқан соң оған керегінше сүт қосамыз. Оның сұйықтығы қаймақ сияқты болуы керек.

Оны қайнаған сүтімізге аз-аздан салып, ұдайы араластырып тұрамыз. Қайнаған соң оттан түсіріп, ыдысымызды салқын суға салып суығанша қозғаймыз. Суыған соң қалыпқа салып тоңазытқышқа қоямыз.

Балмұздақ дайын. Ас болсын!

әзірлеген

Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
М.Әуезов атындағы ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Павлодар қаласы
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

**Құлпынайдан жасалған смузи****Құрамы:**

- Құлпынай – 200 г
- Қант – 1 ас қасық
- Йогурт – 100 г
- Сүт – 100 мл

Берілген ингредиенттерді миксерде араластырамыз. Сусын дайын!

**Зімбір сусыны**

- Зімбірдің 2-3 см-ін кесіп алып 200 мл қайнаған суға саламыз.
- Жарты сағаттай суығанша күтеміз
- Стақанға құйып, 1 ас қасық бал және лимон шырынымен араластырамыз.
- Бір-екі мұз салуды ұмытпаңыз!

Бананнан жасалған коктейль

- Балмұздақ – 100 г
- Банан – 1 дана
- Сүт – 100 мл

Блендерде аздап мұз қосып берілген тағамдарды араластырамыз. Стақанға құйып, корица немесе жалбыз жапырағымен әсемдеп ұсыныңыз!



Жаздың ыстығында шөл қандыратын сусындарды дайындау

Жаздың аптап ыстығында ішкен сап-салқын сусын мейіріңді қандырмай ма? Кез-келген адамның үйге кірісімен сусын сұрайтыны сондықтан. Небір әңгіме-дүкен сусын ішіп, шөл басқан соң басталады.

Қазіргі қазақ дастарқанында компот, кисель, тағы басқа жеміс-жидек, көкөністерден, бақша дақылдарынан қант қосып әзірлейтін салқын сусындар да көрнекті орын алады

Үйде компот жасаймыз

Алма компоты. Алма әуелі салқын сумен әбден жуылады. Содан кейін қабығы аршылады. Көлеміне қарай алты не сегіз бөлікке бөлінеді. Өзегі мен дәннен алып тастап, кастрюльге құйылған салқын суға салып қайнатылады. Басқа ыдысқа

салынған қабығы мен өзегінің үстіне ыстық су құйылып 10-12 минут қайнатылады. Содан соң қабығы мен өзегін сүзіп алады да сұйыққа қант қосып, жақсылап араластырады. Енді осы сироптың үстіне алма кесінділерін салып, лимон қышқылын қосып, тағы да 6-8 минут қайнату керек. Құрамы: 2-3 түйір алма, кесенің 2/3 бөлігіндей қант, 1 шай қасық лимон қышқылы, 4-6 кесе су.

Шабдалы компоты

Әбден жуылған шабдалы 3 минуттай ыстық суға салынып қойылады. Мөлшерлі уақыттан кейін кепсермен сүзіліп алынады. Содан соң ғана қабығы аршылып, ортасынан қақ жарылады. Сүйектерін де алып тастайды. Енді осы қабығы мен сүйегін әлгі шабдалы салынған ыстық суға қант араластырып салып, 5 минут қайнатады да, дәкемен сүзіп



алады. Дайын сұйыққа ортасынан бөлінген шабдалы салып, үстіне ыстық сироп құйылады, лимон қышқылы қосылады. Содан кейін аздап қайнатады да, отын сөндіреді.

Құрамы: 3-4 түйір шабдалы, кесенің 2/3 бөлігіндей қант, 1 шай қасық лимон қышқылы, 4 кесе су.

Апельсин компоты

Апельсиннің қабығы аршылады да дөңгелектеп кесіледі. Дайын апельсинді кастрюльге салып, үстіне су құйып, қант себіледі.

Құрамы: 3-4 түйір кішірек апельсин, жарты кесе қант, 5-6 кесе су.

Мандарин компотының дайындалуы да, құрамы да осындай.

Кептірілген жеміс компоты

Алдын-ала дайындалып, кептірілген жеміс жылы сумен бірнеше рет (тазарғанша) жуылады. Әрбір жеміс өз алдына бөлек ыдысқа салынып, үстіне қант қосылып, қайнаған су мен лимон қышқылы құйылады. Сөйтіп бәсең отта қайнатылады. Мұндай

алма мен алмұрт орта есеппен 25 минут, өрік 10, жүзім 5 минут қайнайды.

Құрамы: 60 грамм алма, 60 грамм алмұрт, 50 грамм өрік, 30 грамм жүзім, жарты кесе қант, 1 шай қасық лимон қышқылы, 4 кесе су.

Шие компоты

Піскен шиені сағағынан ажыратып алады. Жуылған шиені ыдысқа салып, үстіне қант салып, су құяды. Содан соң 8-15 минут қайнатады да отын өшіріп, салқындатады.

Құрамы: 300 г шие, жарты кесе қант, 1 шай қасық сироп, 4 кесе су.

Тәтті шие компотының дайындалуы да, құрамы да осындай.

Материалды дайындаған:

Камила Басынбекова
Алматы қаласы,
Сулейман Демірель
университеті





№№11-12

(318-319)

от 30 июня
2020 года

Салт-дәстүрім қазынам



Жылу жинау- Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ор тасынан бір адам

Ат тұлдау- Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды.

Ақсарбас атау- Қауіп-қатерге ұшырағанында «А, Құдайым



ұйымдастырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

Мойнына бұршақ салу- Ер-теде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

оңдасын! Мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл аймағын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы), қызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсарбас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс

Абысын асы- Бұрынғы кезде қазақ келіндері ерлерінің рұқсатынсыз көңіл көтермеген. Ерлері тойға, айтқа кеткен кез-

де ауылда тек әйелдер ғана қалған. Осы кезде олар дәмді еттерін асып, самауырыңға шәйлерін қойып, бастарын бір жерге қосып әзіл-әңгімелерін жарастырған. Бұл қазақ әйелдерінің береке-бірлігін, татулығын арттырған. «Абысын асы» әйелдердің татулықта өмір сүруіне тәрбиелейді.

Қап қағар –қыс аяқталып, көктем басталғанда ет сүрленіп, азая бастайды. Ол ет қапта болады. Сол кезде ет асылып, аздап адам шақырылады. Бұл дәстүр “ет қайтар” деген ұғымды білдіреді, ал қаптың ең соңғысын асып, бөліп жейді.

Наурыз төлі -төл басы ретінде қараған, төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға бермейді. Мұндай мал тек қызығына, тойына сойып, ырым еткен.

Аушадияр - Үйлену тойы кезінде айталатын дәстүрлі өлең, жыр. Және жай өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар. Көркем шығармашылықпен айтылатын той көркі, салтанат сән, өнегелі өнер. Мұны іздеп тауып өмірге әкелген жазушы Уахап Қыдырханов екен. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Шынын айту керек, бұл Қазақстан елінде айтылмайды, халық жадынан мүлде шығып кетіп ұмыт қалған.

Өңір салу - Отқа шақырумен (кей жерлерде «үй көрсету» немесе «есік ашар» дейді) бірге болып жататын ендігі бір кәде өңір салу. Мұнда ылғи бәбішелер келеді. Ниеттері келінге шашу шашып, құтты болсын айту. Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір киім, бұйым деп ең құрығанда терме бау немесе жас төсекті басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі сықылдылар іледі. Бұлардың бәрі отау үйге қажетті, өңін ашатын нәрселер.

Асату - Көпшілік аузы дуалы, елге сыйлы ақсақалдар өз қолымен табақтың түбінде қалған асты өзінің балаларына берген. Бұрынғы кезде балалар қонақ шақырған үйді айналшықтап жүрген, өйткені



оларды кез келген уақытта асқа шақырып қалуы мүмкін. Әйгілі жазушы Сәбит Мұқанов өзінің шығармаларында бұл дәстүрлі насихаттаған болатын.

Құйрық бауыр - «Құйрық бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» (мәтел). Бұл құдалық дәстүр рәсімі болғанмен ұлт салт дәстүрінде орны бөлек жай. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға «құйрық бауыр» арнаулы сый әкеледі. Өкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық бауыр қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі құжат болып бекітілген.

Енші беру - Ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін «енді өз күндерін өздері көре алады» деген сенімге келіп, отау тігіп, бөлек шығарады. Сонда малынан – мал, мүлкінен – мүлік бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді. Мұны енші беру деп атайды. Ата-анасы қайтыс болса, олардың малы мен дүние-мүлкі қалған ағасы інісіне еншібас беруге тиіс.

Сүт ақы
Қыз ұзату тойы мерзімін қалыңдық ауылы құдаларымен келісе отырып белгілейді. Бұл тойға күйеу бас құда бастаған құдалар тобымен және өнерлі күйеу жолдастарымен келеді. Мұнда құдалық кәделері өте көп. Соның ішіндегі жолы бөлек, қымбат кәделердің үлкені «сүт ақы» деп аталады.

АҚ ҮЙ АМАНАТ

«Ақ үй аманат» /салт/. Қазақ тарихы мен аңыз әңгімелерінде «ақ үй аманат» берген екен деген сөз жиі кездеседі. XVI-XVII ғасырлардағы жаугершілік замандарда екі жақ мәмілеге келіп, іс бітімгершілікпен аяқталғанда осы салт сол үлкен жұмыстардың айғағы ретінде жүрген.

Мұндайда негізінен кінәлі жақ өзінің жеңілгендігін мойындап бар сән-салтанат, дүние жиһазымен ақ орда яғни «ақ үй аманат» әкеліп тапсырады. Бұл тек жеңілу ғана емес, сол елді мойындаудың,



айталық, жоңғар-қазақ соғыстарында, қытай-қазақ шапқыншылығында, Хиуа хандығы мен Қазақ хандығы арасындағы қақтығыстарда елшілер «ақ үй аманат» тапсырып бітім мен келісімге келген кездер көп болған. Мұндай жағдайдың басында мемлекет ішінде беделді би, батырлар мен шешендер, атақты ақсақалдар мен хандардың өздері де жүрген.



бұдан былай тату көршіліктің /елдіктің/ кепілі ретіндегі орны бөлек құжат әрі сыйсияпат десе де болады.

«Ақ үй аманат» негізінен көшпелі елдің әсіресе түркі халықтарының арасында жиі болған. Бұл туралы ғалымдар Ш.Уәлихановтың, Ә. М а р ғ ұ л а н н ы ң еңбектерінде жазылған. Мұндай жағдай өткен ғасырларда қазақ даласында жиі болып отырған.

«Ақ үй аманат» - ант, серт пен келісімнің, татулықтың айғағы.

Оны бұзған ел басқа халықтар алдында үлкен кінәлі деп саналған және оған сырт айналған.

әзірлеген
Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
М.Әуезов атындағы ЖОББ
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі
Павлодар қаласы
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі



№11-12

(318-319)

от 30 июня
2020 года

Кел, ойнайық балақай!



1. «Ойлан тап!» сөздік ойыны

Мақсаты: балалардың әр түрлі мамандықтар жайлы білімін кеңейтіп бекіту. Ойын барысында тәрбиеші атын атамай бір мамандықты сипаттайды. Мына мамандықтарды жасыруға болады: ұстаз, журналист, жарнама агенті, фотограф, суретші, аула тазалаушы, аспаз.

2. «Жұмысыңа керек нәрсені таңдап ал»

Балалар топтарға бөлінеді. Әр топқа мамандыққа қажетті құралдардың суреті бар карточкалар жинағы беріледі. Тәрбиеші мамандықтың атын айтқанда, балалар оған керек құралдардың суретін жинап беруі тиіс. Ең аз уақыт ішінде бітірген топ жеңіске жетеді. Ойынның нәтижесінде балалар өздерінің сөздік қорын мынадай термин сөздермен байытады: оператор, диктор, дыбыс операторы, режиссер, жарнама лаушы, тілші.

3. Сөйлеу қабілетін дамытуға арналған ойын (ата-аналарға)

Үйдің жұмыстарымен айналысып жатқанда, балаға радиожурналист болып, «пайдалы кеңестер» бағдарламасын жүргізуді ұсынып көріңіз. Бағдарламада мынадай тақырыптар бола алады: «Сорпаны қалай қайнату керек?», «Киімді қалай үтіктейміз?», «Түймені қалай тігеді?» т.б.

4. «Мамандықты жіберіп алма» ойыны

Мақсаты: танымды кеңейту, байқампаздықты дамыту.

Балалар шеңбер жасап тұрып, жүргізушінің айтқан сөздерін мұқият тыңдайды. Сөздер арасында мамандық атауы кездескен сәтте орнында тұрып секіреді.

Сөздер: шам, жүргізуші, қайшы, механик, ұста, алма, журналист, болат қорытушы, сөзшең, репортаж жасаушы, сәулетші, қарындаш, құрылысшы, найзағай, шебер, диірмен, тігінші, тотықұс, аспаз, тілші, дыбыс операторы, жапырақ, шахтер, диктор, экскурсия жүргізуші, мұғалім, шөп, ана, кондитер, өзен, көзілдірік, сатушы, дәптер, қиял, шаштараз, тракторшы, ветеринар, қасық, құс, флорист, от, экономист, инелік, машинист, пулемет, шәйнек, т.б.

Мұғалім: есте сақтау қабілеті мен сөйлеу әрекетін арттыру үшін оларға келесі аптаға тапсырманы ұсынуға болады: журналист мамандығына сәйкес қандай сөздерді естідіңіз?

5. «Жұбыңды тап» ойыны

Мақсаты: зейінді дамыту, ойлау қабілетін дамыту. Балалар мына сөздер жазылған карточкаларды алады:



ТЕ-ЛЕ-ДИ-ДАР
МИК-РО-ФОН
Ә-КЕ

ДИК-ТОР
ТЕ-ЛЕ-ФОН
Балаларға тапсырма: толық сөз шығатындай сөздің жұбын тап

6. «Мамандықты анықтаңыз» ойыны

Таразы, сөре, тауар (сатушы)
Дулыға, шланг, су (өрт сөндіруші)

Сахна, рөл, макияж (әртіс)
Оқу залы, кітаптар, оқырман (кітапханашы)

Қайшы, мата, тігін машинасы (тігінші)

Пеш, кәстрөл, дәмді тағам (аспаз)

Егістік, бидай, егін (фермер, колхоз)

Тақта, бор, оқулық (мұғалім)

Рөл, дөңгелек, жол (жүргізуші)

Кішкентай балалар, ойын, се-руен (тәрбиеші)

Балта, ара, шеге (ағаш ұстасы)

Кірпіш, цемент, жаңа үй (құрылысшы)

ЖУРНАЛИСТ



Бояулар, щетка, әктеу (сырлаушы)

Ауру, дәрі, ақ халат (дәрігер)

Қайшы, фен, сәнді шаш (шаш-тараз)

Кеме, жейде, теңіз (теңізші)

Аспан, ұшақ, аэродром (ұшқыш)

Микрофон, блокнот, диктофон (журналист)

Микрофон, телестудия, бағдарлама қонақтары (диктор, тележүргізуші)

7. Жоспарға қарап журналист мамандығын суреттейтін әңгіме құрастыр

Мамандық қалай аталады?

Ол не туралы, мақсаты қандай?

Журналист болу үшін қандай қасиеттерге ие болу қажет?

Журналист қандай білімді игеруі керек?

Мамандық жайлы ақпаратты толықтырыңыз.

8. «Теледидар» ойыны

Мақсаты: басқа адамдармен қарым-қатынаста кері байланысты орнатуды үйретеді.

Бір баланы жүргізуші ретінде таңдаса, қалғандары екі топқа бөлініп басқа бөлмеге кетеді.

Ұстаз оқушыға теледидардан бір бағдарлама («Жаңалықтар», «Жануарлар әлемінде», «Ең ақылды бала») көрсетуді тапсырады. Ол орындап жатқанда, тәрбиеші бір топ көрерменді шақырып, бір оқиғаны сипаттап береді. Көрермендер ол қандай бағдарлама, не туралы екенін тауып, екінші топқа не көргенін сипаттап айтады. Кейін рөлдерімен ауысып ойнайды.

9. «Не артық?» ойыны

Ойынның мақсаты: журналистке керек құралдар жайлы балалардың білімін кеңейту, байқампаздығын, ойлау қабілетін дамыту.

Керек құралдар: журналистке

қажет құралдардың суреттері

Ойын барысы: балалар суреттерге қарап тек журналистке қатыстыларын анықтайды. Бала өзінің жауабын түсіндіріп беруі қажет.



10. «Дыбыс операторы» ойыны

Мақсаты: балаларды өз бетімен шешім шығаруға, ортақ мақсаттың маңыздылығын түсінуге баулиды.

Бұл ойынға арнайы

музыкалық әуендер керек және қосымша құралдардың көмегінсіз жүзеге аса алмайды. Ойын барысында әр түрлі дыбыстардың иесін немесе неге қатысы бар екенін анықтау қажет. Мысалы: құрғақ бұршақ салынған консервіленген таза ыдыс, ағаш қасық, қоңырау, ысқырық, т.б. Мұнымен қоса магнитофон мен ұнтаспа дайындап қою қажет. Өз арасында рөлдерді бөліп алып, радиоқойылым қоюға дайындалады. Мысалы, «Айдаһар» жайлы ертегі айтқанда мынадай жолмен бастауға болады: «Алыс алыс ертегілер елінде бір патшаның үш ұлы болыпты. Бір күні патша үлкен ұлын аң аулауға жібереді. Ұзақ жүрді ме, қысқа жүрді ме әйтеуір бір жазық далаға тап болады. Далада үлкен тас жатыр екен. Тастың жанына жақындап келгенде, бір қоян жүгіріп шыға келді»

11. «Фильм түсіреміз» ойыны

Мақсаты: балалардың коммуникациялық қабілеттерін дамыту; монологтың және интонацияны дамыту; шығармашылық фантазияны дамыту;

Қажетті құралдар: сюжеттік суреттер.

Ойын барысы: Балалар қызығушылықтарына қарап кіші топтарға бөлінеді. Әр топ киностудия болып табылады.

Тапсырма: Фантазияны пайдаланып фильмды дыбыстау. Өздері дыбыстайтын болашақ фильмге атау құрастырып, сюжеттік суреттерді таңдайды. Киностудияда атқарылатын рөлдерді (суретші, сценарист, дыбыс операторы) өзара бөліп алады. Суретшілер ақ қағазға суреттерді салады. Оларды берілген сюжеттік суреттердің қатарына қойып түсіреді. Әр топтағы келесі



12. «Жаңалық жасаймыз» ойыны

Балаларға карточкалар таратылады. Әр карточкада бір сөз немесе сөз тіркесі жазылған. Сөздер бір мәтіннен (әңгіме, өзіл) алынған. Белгілі бір уақыт ішінде балалар берілген сөздерден мәтінді құрап шығуы керек. Бала-



ларды өзара топқа бөліп, ойынды сайыс түрінде өткізуге болады.

13. «Стоп-кадр» ойыны

Журнал, газеттегі кескіндеме, суреттерге екі-үш сөзден тұратын (сөз тіркесі) атау құрастыру керек. Онымен қоса 18 сөзден аспайтын сөйлеммен де атау беруге болады.

14. «Редакцияға хат» ойыны

Балаларға «Құрметті редакция, өтінемін, газетке ... туралы



жазыңызшы» деген сөз беріледі. Ары қарай балалар ойды ербітіп сөйлемді аяқтауы керек.

15. «Қолтырауын» ойыны

Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ бір сөз жасырып екінші топтың мүшесіне хабарлайды. Ол жасырылған сөзді дауыстап айтпай, қимыл арқылы көрсетеді. Топтағы басқа қатысушылар оған сұрақ қойып, мүмкін жауаптарды ұсына алады. Олар ойын барысында жасырынған сөзді табуы керек.

16. «Жауап беруші достар клубы»

Балалар берілген аббревиатуралардың мағынасын үш-төрт сөзбен қызықты етіп ашу

17. «Екі түрлі көзқарас» ойыны

Планшет, мектептегі бескүндік оқу, сурет сабағы тақырыптарына екі түрлі ой қалыптастыру. Ойын адамның өз көзқарасын білдіріп, талдау қабілеттерін ашуға септігін тигізеді.

18. «Баспа машинасы» ойыны

Балалар орындықтарға жайғасады. Әліпбидегі әріптерді бөліп алады. Бала санына байланысты әрбіріне бір-екі әріптен түседі. Өзінің әрпі түскен бала орнынан тұрып, берілген сөздерді баспа машинасында теріп шығуы тиіс.

19. «Шынайы суреттер» ойыны

Балалар берілген тақырыптарды сахналап көрсетуі керек. Мысалы, «ең керемет соғылған гол», «келіспей қалған достар», «мен мына алмұртпен не істеймін?».

Материалды дайындаған:
Камила Басынбекова
Алматы қаласы,
Сулейман Демірель
университеті



Выпускники лицея №8 для одаренных детей говорят слова благодарности своему любимому лицезу



Когда уйдем со школьного двора...

Не зря говорят, что мы начинаем ценить что-то только, когда потеряем. В этом году нам выдалось почувствовать это гораздо раньше, чем на последнем звонке. Карантин забрал последнюю в нашей школьной жизни четвертую четверть: самую значимую и интересную часть одиннадцатого класса. Мы учились, поддерживали связь с учителями и одноклассниками, но ничего не способно заменить настоящее общение. Как не хватает парт и перемен, шуток и замечаний учителей, шалостей одноклассников. Школа стала для нас вторым домом, а учителя – близкими людьми.

Я горжусь нашим лицеем, тем, что заканчиваю его. 8-лицей известен далеко за пределами страны. А его имя сделали наши учителя и усердные ученики.

Выпускникам хочу пожелать не бояться трудностей и шагнуть в уже немного другую жизнь с памятью о школе и всех ее уроках, через которые прошел каждый.

А тем, у кого еще есть время насладиться школьными днями, хочу сказать: цените каждый день, уважайте учителей, стремитесь к победе, сохраняя имя нашего лицея. Дерзайте, вы талантливы!

Медведева Ульяна

Если честно, то я до сих пор не верю, что остались считанные



дни до того, как я покину родные стены 8 лицея. Кажется, только вчера я садилась в первый раз за парту и училась читать. Быстро пролетели школьные годы, и впереди многих ждет пугающая неизвестность. Я провела в школе 11 лет своей жизни и с уверенностью скажу, что это были лучшие годы. Школа подарила мне незабываемые эмоции, много воспоминаний и, несомненно, знания, которые я буду использовать в дальнейшей жизни. Однажды наш учитель истории сказал такую фразу: «Школа учит нас учиться».

